Тәрбиелеу білім беру процесі
2026-2027 оқу жылы
Қыркүйек 1-апта
Кіші 2-жас

Күн тәртібі		**Сейсенбі** **01.09.2026**	**Сәрсенбі** **02.09.2026**	**Бейсенбі** **03.09.2026**	**Жұма** **04.09.2026**
Балаларды қабылдау	Балаларды жылы қарсы алу. «Қайырлы таң!» амандасу ойыны. Баланың көңіл күйін бақылау. **Қауіпсіздік:** топта жүгіруге болмайтынын еске салу. «Кел, амандасайық» ойыны. Баланың көңіл күйін ым-ишарамен білдіруіне мүмкіндік беру. **Құндылық:** достық. «Мен балабақшаға келдім» әңгімелесуі. Таныс ойыншықтарды атау. **Сөйлеу:** 1–2 сөзден жауап беруге ынталандыру. «Көңілді таң» шеңбері. Табиғат суреттерін қарау. **Экология:** гүлді жұлмау, табиғатты аялау. «Біз доспыз» ойыны. Бір-біріне жылы сөз айту, бірге ойнауға шақыру. **Құқықтық сауаттылық:** досын ренжітпеу.				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Баланың балабақшаға бейімделуін қолдау» жеке әңгіме. Кеңес: «2 жастағы баланың сөйлеуін үйде дамыту». Әңгімелесу: «Баланың күн тәртібін сақтау». Кеңес: «Серуен кезіндегі қауіпсіздік». Кеңес: «Баламен бірге ойнаудың маңызы».				
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)		**Еңбек әрекеті** **«Ойыншықтарды жинаймыз». Міндеті:** қарапайым еңбек әрекеттеріне қатыстыру, ұқыптылық пен жауапкершілікке баулу. **Барысы:** ойыннан кейін доптар, текшелер, қуыршақтар түрлеріне қарай бөлініп, өз орындарына жиналады. **Орындалуы:** ойыншықтарды ажыратып, тиісті қораптарға салады, ойын орнын таза қалдыруға қатысады.	**Таза Қазақстан жобасы бойынша** **«Таза аула – әдемі аула». Міндеті:** қоршаған ортаны таза ұстауға, табиғатқа қамқорлық жасауға баулу. **Барысы:** серуен кезінде қауіпсіз ірі жапырақтар жиналып, арнайы орынға салынады, гүлдерге су құйылады. «Қоқысты жерге тастамаймыз», «Гүлді жұлмаймыз» ережелері бекітіледі. **Орындалуы:** жапырақтарды жинайды, тазалыққа қатысады, гүлдерді суарады.	**Ұлттық құндылықты дамыту** **«Асықты жина». Міндеті:** ұлттық құндылықтарға қызығушылық қалыптастыру, қарапайым ойын тәртібін сақтауға үйрету. **Барысы:** балалар кезекпен асықтарды алып, белгіленген ыдысқа жинайды. Ойын барысында «кезек күтеміз», «итермейміз», «бірге ойнаймыз» ережелері орындалады. **Орындалуы:** кезегін күтеді, асықты жинайды,	**Кәсіпке бағдар** **«Кім не істейді?». Міндеті:** қарапайым мамандықтармен таныстыру, еңбекке қызығушылық қалыптастыру. **Барысы:** аспаз, дәрігер, тәрбиеші, аула сыпырушы суреттері мен олардың құралдары сәйкестендіріледі. Балалар таңдаған мамандығына сәйкес қарапайым әрекеттерді ойын арқылы орындайды: аспаз – тамақ әзірлейді, дәрігер – қуыршақты қарайды, аула сыпырушы – аула тазалайды. **Орындалуы:**

				достарымен бірге ойнап, ойын соңында құралдарды орнына қояды.	мамандықты суреттен таниды, қажетті құралын таңдайды, қарапайым еңбек әрекетін қайталайды.
Таңертенгі жаттығу		**№2 Таңғы жаттығу** «Құстар» – қолды қанатша қағу; «Мысық» – еңкею; отырып-тұру; аяқ ұшымен жүру; тыныс алу.	**№3 Таңғы жаттығу** «Күнге созыламыз»; қолды жоғары-төмен түсіру; денені бұру; тізені бүгу; орнында жүру.	**№4 Таңғы жаттығу** «Көңілді балақайлар»: жүру, қолды сермеу, отырып-тұру, жеңіл секіру, тыныс алу жаттығулары.	**№5 Таңғы жаттығу** «Көңілді балақайлар»: жүру, қолды сермеу, отырып-тұру, жеңіл секіру, тыныс алу жаттығулары.
Таңғы ас	Қолды дұрыс жууға көмектесу. Қасықты дұрыс ұстауға жаттықтыру. «Таза қол» дағдысы. Тамақты төкпей жеуге ынталандыру. Ас алдында қол жуу, майлықты қолдану. Тағамды асықпай шайнауға дағдыландыру. Тамақтан соң ыдысты реттеуге, «рақмет» айтуға үйрету.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	**Зерттеу ойыны:** «Үлкен – кіші». Заттарды салыстыру.	**Саусақ ойыны:** «Бес саусақ». Ұсақ моториканы дамыту.	**Қимылды ойын:** «Маған қарай жүгір». Қимыл белсенділігін арттыру.	**Зерттеу ойыны:** «Үлкен – кіші». Заттарды салыстыру.	**Музыкалық-қимылды ойын:** әуенге сәйкес жүру, қол шапалақтау.
Кестеге сәйкес ҰІӘ		**Музыка** **Көңілді әуен»Міндеті:** Музыкаға деген қызығушылықты ояту, музыканы зейін қойып тыңдауға, қарапайым би қимылдарын орындауға баулу.**Орындалуы:** Балалар көңілді әуенмен музыка залына кіреді. Тәрбиеші қысқа музыкалық шығарманы тыңдатып, балаларды әуенге назар аударуға шақырады. Әннің жеңіл сөздері мен дыбыстарын бірге қайталайды. Әуен қосылғанда балалар қолдарын шапалақтап,	**Дене тәрбиесі** **Аяқтың ұшымен жүрейік»** **Міндеті:** Аяқтың ұшымен жүруге, шағын топпен және бүкіл топпен жүруге, жүру қарқынын өзгертуге, белгі бойынша тоқтауға жаттықтыру. Тепе-теңдікті сақтау дағдысын дамыту. **Орындалуы:** Балалар қалыпты жүріспен қозғалады. «Ақырын» белгісімен баяу, «Жылдам» белгісімен қарқынды жүреді. Кейін аяқтың ұшымен қысқа	**Дене тәрбиесі** **«Шапшаң және баяу қадам» Міндеті:** бүкіл топпен жүру кезінде қарқынды өзгерту және белгі бойынша тоқтау дағдысын бекіту. **Барысы:** балалар шеңбер бойымен бірге жүреді. Қоңырау баяу соғылғанда баяу, жиі соғылғанда жылдамырақ жүреді. Белгі тоқтағанда балалар да тоқтайды. **Қимылды ойын:** «Тыңда да жүр». **Орындалуы:** берілген белгіге сәйкес жүру қарқынын өзгертіп, дер	**Шығармашылық күн(Балалардың қалауы бойынша іс-әрекет)** **«Таза аула – әдемі аула».** **Бағыттары:** «Таза Қазақстан», еңбекке және кәсіпке баулу. **Міндеті:** қоршаған ортаны таза ұстауға, қарапайым еңбек әрекеттерін орындауға қызығушылық қалыптастыр у. **Барысы:** қауіпсіз жапырақтар себетке жиналады, гүлдерге аз мөлшерде су құйылады. «Аула сыпырушы не

		аяқтарын топылдатып, қолдарын жоғары-төмен қозғап, оңға-солға тербеледі.	қашықтыққа жүріп өтеді. 2–3 баладан шағын топпен белгіленген жерге дейін жүреді. «Жүр – тоқта» ойынында белгі бойынша қозғалып, тоқтайды.	кезінде тоқтайды.	істейді?» ойыны арқылы тазалық еңбегі көрсетіледі. Құрғақ және дымқыл топырақ салыстырылады. **Орындалуы:** жапырақ жинайды, гүл суарады, қарапайым еңбек әрекетіне қатысады.
		Міндеті: қарама-қарсы әрекеттерді білдіретін сөздерді меңгерту, ауызша нұсқауды түсініп орындау және қамқорлық сезімін қалыптастыру. **«Қуыршаққа көмектесейік»**. **Тіл дамыту:** «кию-шешу, ашу-жабу, алу-салу, көмектесу», «қуану-күлу» сөздерін қолдану. **Көркем әдебиет:** қуыршақ туралы қысқа тақпақ оқу. **Сенсорика:** қуыршақтың үлкен-кіші киімдерін таңдау, түстерін сәйкестендіру. **Сурет салу:** қуыршақ көйлегін түрлі түсті сызықтармен безендіру. **Мүсіндеу:** ермексаздан қуыршаққа домалақ «түймелер» жасау. **Жапсыру:** дайын түсті пішіндерді көйлекке орналастыру.	**Міндеті:** заттардың түсін, көлемін, дәмін білдіретін сын есімдермен сөздік қорын байыту, сенсорлық және ұсақ моторикалық дағдыларын дамыту. **«Дәмді жемістер»**. **Тіл дамыту:** «жуу, алу, салу», «тәтті», «дәмді», «қызыл», «сары», «үлкен-кіші» сөздерін қолдану. **Көркем әдебиет:** жемістер туралы қысқа өлең немесе шағын шығарма оқу. **Сенсорика:** жемістерді түсі мен көлеміне қарай ажыратып, сәйкес себетке салу. **Сурет салу:** алма бейнесін бояу немесе саусақпен дөңгелек із түсіру. **Мүсіндеу:** ермексазды алақан арасында домалатып алма жасау. **Жапсыру:** дайын алма пішіндерін «себетке» жапсыру	**Міндеті:** қарым-қатынасты және көңіл күйді білдіретін сөздерді қолдануға ынталандыру, достық пен өзара көмекті қалыптастыру. **«Досыма сыйлық»**. **Тіл дамыту:** «беру-алу, көмектесу, құшақтау», «қуану, күлу» етістіктерін қолдану. **Көркем әдебиет:** достық туралы жасына сәйкес қысқа өлең оқу. **Сенсорика:** дөңгелек, төртбұрыш пішіндерді үлгі бойынша таңдау және орналастыру. **Сурет салу:** досына арналған сыйлық қорабын сызықтар мен дақтар арқылы безендіру. **Мүсіндеу:** ермексаздан ұсақ домалақ әшекейлер жасау. **Жапсыру:** дайын геометриялық пішіндерден «Сыйлық» композициясын құрастыру.	**Міндеті:** еңбек әрекеттерін білдіретін сөздерді бекіту, қарапайым тапсырманы ауызша нұсқау және үлгі бойынша орындауға, тазалық пен табиғатқа қамқорлық жасауға баулу. **«Таза әрі әдемі аула»**. **Тіл дамыту:** «жинау, салу, суару, құю, ашу-жабу», «таза-лас», «үлкен-кіші» сөздерін қолдану. **Көркем әдебиет:** табиғат пен тазалық туралы қысқа шығарма оқу. **Сенсорика:** үлкен-кіші жапырақтарды ажыратып, түстеріне қарай ыдыстарға салу. **Сурет салу:** жасыл шөп пен түрлі түсті гүлдерді қысқа сызықтар, дақтар арқылы бейнелеу. **Мүсіндеу:** ермексазды жұмсартып, домалақ гүлдер жасау. **Жапсыру:** дайын гүлдер мен жапырақтарды қағаз бетіне орналастырып жапсыру.

Екінші таңғы ас	Қол жуу, ас ішу мәдениетін бекіту. Қасықты дұрыс ұстауға жаттықтыру. Майлықты қолдану. Тағамды ұқыпты жеу. Тамақтан кейін алғыс айту.				
Серуенге дайындық	Киімдерін ретімен киюге көмектесу, аяқ киімді тануға үйрету. Киіну кезінде қарапайым дербестікке ынталандыру. Киімдерін педагог көмегімен кию. Бас киімін дұрыс киюге жаттықтыру. Киінгеннен кейін бір-бірін күтуге үйрету.				
Серуен		**№2 Серуен картотекасы Еңбекке баулу – «Ойыншықтардың өз орны бар». Міндеті:** қарапайым еңбек дағдыларын, ұқыптылық пен жауапкершілікті қалыптастыру. **Барысы:** ойыннан кейін доптар, текшелер және қуыршақтар түрлеріне қарай өз орындарына жиналады. **Зерттеу:** ойыншықтарды үлкен-кіші, жұмсақ-қатты қасиеттері бойынша ажырату. **«Таза Қазақстан»:** топ бөлмесін таза, жинақы ұстау. **Қауіпсіздік:** ойыншықтарды жерге шашпау, бір-біріне лақтырмау. **Орындалуы:** ойыншықтарды ажыратып, тиісті орнына қояды, ортақ кеңістікті таза ұстауға қатысады.	**№3 Серуен картотекасы Қауіпсіздік – «Қауіпсіз серуен». Міндеті:** серуен кезіндегі қарапайым қауіпсіздік ережелерін қалыптастыру. **Барысы:** «болады – болмайды» ойыны арқылы жүру жолымен жүру, досын итермеу, белгісіз затты ұстамау әрекеттері бекітіледі. **Зерттеу:** құмды қолмен ұстап, құрғақ және дымқыл құмның айырмашылығын байқау. **Еңбекке баулу:** құм ойыншықтарын жинап, орнына қою. **«Таза Қазақстан»:** құм алаңын таза қалдыру. **Орындалуы:** қарапайым қауіпсіздік ережесін сақтайды, құмды зерттейді, ойыннан кейін құралдарды жинайды.	**№4 Серуен картотекасы Кіріктірілген іс-әрекет – «Табиғатқа қамқор боламыз». Міндеті:** табиғатқа қамқорлық, еңбек ету және қауіпсіз әрекет жасау дағдыларын бекіту. **Барысы:** ауладағы гүлдер мен шөптердің түсі, көлемі қаралып, топырақтың құрғақ-дымқылдығы қолмен байқалады, гүлдерге су құйылып, айналасындағы жапырақтар жиналады. **«Таза Қазақстан»:** табиғатты таза ұстау. **Еңбекке баулу:** гүлді суару, жапырақ жинау. **Қауіпсіздік:** гүлді жұлмау, өсімдікті баспау, белгісіз өсімдікті ауызға салмау. **Зерттеу:** құрғақ және дымқыл топырақты салыстыру. **Орындалуы:** табиғатты зерттейді, қарапайым	**№5 Серуен картотекасы Кіріктірілген іс-әрекет – «Табиғатқа қамқор боламыз». Міндеті:** табиғатқа қамқорлық, еңбек ету және қауіпсіз әрекет жасау дағдыларын бекіту. **Барысы:** ауладағы гүлдер мен шөптердің түсі, көлемі қаралып, топырақтың құрғақ-дымқылдығы қолмен байқалады, гүлдерге су құйылып, айналасындағы жапырақтар жиналады. **«Таза Қазақстан»:** табиғатты таза ұстау. **Еңбекке баулу:** гүлді суару, жапырақ жинау. **Қауіпсіздік:** гүлді жұлмау, өсімдікті баспау, белгісіз өсімдікті ауызға салмау. **Зерттеу:** құрғақ және дымқыл топырақты салыстыру. **Орындалуы:** табиғатты зерттейді, қарапайым күтім жұмысына

				күтім жұмысына қатысады, тазалық пен қауіпсіздік дағдыларын қолданады.	қатысады, тазалық пен қауіпсіздік дағдыларын қолданады.
Серуеннен оралу	Киімді орнына қою, қолды сабындап жуу. Аяқ киімді орнына қоюға ынталандыру. Қол мен бетті жуу, майлық қолдану. Өз шкафын тану, киімін реттеу. Гигиеналық әрекеттерді педагог көмегімен ретімен орындау.				
Түскі ас	Қолды дұрыс жууға көмектесу. Қасықты дұрыс ұстауға жаттықтыру. «Таза қол» дағдысы. Тамақты төкпей жеуге ынталандыру. Ас алдында қол жуу, майлықты қолдану. Тағамды асықпай шайнауға дағдыландыру. Тамақтан соң ыдысты реттеуге, «рақмет» айтуға үйрету.				
Күндізгі ұйқы		**«Әлди, әлди, ақ бөпем». Міндеті:** ұлттық мұра арқылы ана тілінің әуезділігін сезіндіру, жағымды эмоционалдық орта қалыптастыру. **Барысы:** ұйқы алдында қысқа бесік жыры тыңдатылады. «Әлди», «бөпем», «ұйықта» сияқты қарапайым сөздер жұмсақ дауыс ырғағымен айтылады. Балалар тыныштalып, баяу әуенмен ұйқыға дайындалады.	**«Бір күнде бір ертегі». Міндеті:** күн сайын көркем шығарма тыңдау әдетін қалыптастыру, тыңдау қабілетін дамыту. **Барысы:** балаларға жас ерекшелігіне сай 5–10 минуттық қысқа ертегі оқылады. Оқиға желісі қарапайым интонациямен жеткізіліп, таныс кейіпкерлердің атауларына назар аударылады. Ертегіден кейін тыныштық сақталып, балалар ұйқыға жатады.	**«Жылы сөздер». Міндеті:** қарапайым сөздер мен сөз тіркестерін есту арқылы сөздік қорын молайту, сөйлеу мәдениетінің бастапқы дағдыларын қалыптастыру. **Барысы:** ұйқы алдында достық, мейірімділік, отбасы туралы қысқа өлең немесе шағын әңгіме оқылады. «Ана», «әке», «дос», «жақсы», «рақмет» сияқты таныс сөздер анық айтылады. Соңынан баяу әуенмен тыныңу ұйымдастырылады.	**«Кітаптан келген қонақ». Міндеті:** кітапқа және көркем әдебиетке жағымды қызығушылық қалыптастыру, тыңдау дағдысын бекіту. **Барысы:** балаларға кітаптан қысқа шығарма оқылып, суретін қысқаша көрсету арқылы кейіпкері аталады. Шығарма аяқталған соң «Ертегі аяқталды, енді демаламыз» деген тыныш сөздермен ұйқыға дайындалып, жай әуен немесе бесік жыры тыңдатылады.
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	«Күнге созыламыз» – төсекте жеңіл созылу, тыныс алу. «Мысықтар оянды» – қол-аяқты созу, баяу тұру. Табанға арналған қарапайым жаттығулар. «Көңілді аяқтар» – аяқ ұшымен жүру. «Біз ояндық» – созылу, қолды жоғары көтеру, тыныс алу.				
Бесін ас	Қол жуу, ас ішу мәдениетін бекіту. Қасықты дұрыс ұстауға жаттықтыру. Майлықты қолдану. Тағамды ұқыпты жеу.				

	Тамақтан кейін алғыс айту.				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)		**Құрастыру:** «Отбасылық үстел». **Қоршаған әлеммен таныстыру:** «Менің отбасым». **Міндеті:** пластина, текше және цилиндрді қолдану дағдыларын қалыптастыру; отбасы мүшелерін тануға және атауға баулу. **Барысы:** отбасы бейнеленген суреттер қаралып, «ана», «әке», «әже», «ата» сөздері айтылады. Балалар пластинаны үстел ретінде орналастырып, текшелерден орындықтар құрастырады. Қуыршақтарды отбасы мүшелері ретінде үстел айналасына орналастырады.	**Құрастыру:** «Менің бөлмем». **Қоршаған әлеммен таныстыру:** үйі мен бөлмесін тану. **Міндеті:** құрылыс материалдарын кеңістікте орналастырудың қарапайым тәсілдерін меңгерту; үйдегі таныс заттарды ажыратуға үйрету. **Барысы:** «Бөлмеде не бар?» суреттері қаралады. Балалар текшелерден кереует, кірпіштерден орындық, пластинадан үстел жасап, оларды жазықтыққа орналастырады. «Үстел қайда?», «Кереуетті көрсет» сияқты қарапайым тапсырмалар орындалады.	**Құрастыру:** «Отбасымызға үй». **Қоршаған әлеммен таныстыру:** отбасы мүшелерінің аттарын атау. **Міндеті:** текше, кірпіш, үш қырлы призма, пластинаны құрылыс барысында қолдануға жаттықтыру; жақын адамдарын тануға баулу. **Барысы:** балалар текшелер мен кірпіштерден қабырға жасап, пластинадан есік, үш қырлы призмадан шатыр құрастырады. Дайын үйге отбасы мүшелерін бейнелейтін ойыншықтарды орналастырып, «Бұл – ана», «Бұл – әке» деп атайды.	**Құрастыру:** «Менің аулам». **Қоршаған әлеммен таныстыру:** «Мен кіммін?». **Міндеті:** үстел үсті және еден үсті құрылыс материалдарын еркін қолдануға мүмкіндік беру; өзінің есімін, жасын айтуға және өзін айнадан, фотосуреттен тануға ынталандыру. **Барысы:** балалар айнадан өздерін қарап, «Менің атым...» деп айтуға талпынады, фотосуретін табады. Текше, кірпіш, цилиндр, пластиналарды пайдаланып үй, жол, орындық сияқты қарапайым құрылыстардан шағын аула жасайды.
Балалармен жеке жұмыс		**«Не істейді?»** – жүреді, ойнайды, ішеді, ұйықтайды сөздерін қимылмен бекіту. **Оспанов Қайсар**	**«Қайталап айт»** – қысқа сөздер мен 1–2 сөздік тіркестерді қайталау. **Абайсерикова Фатима**	**«Қайталап айт»** – қысқа сөздер мен 1–2 сөздік тіркестерді қайталау. **Атабай Әмина**	**Косетова Раяна** **«Кітапты қарайық»** – суретті кітаптан таныс заттарды тауып, қарапайым сұрақтарға жауап беру.
Серуенге дайындық	Киімдерін ретімен киюге көмектесу, аяқ киімді тануға үйрету. Киіну кезінде қарапайым дербестікке ынталандыру. Киімдерін педагог көмегімен кию. Бас киімін дұрыс киюге жаттықтыру. Киінгеннен кейін бір-бірін күтуге үйрету.				
Серуен		**№7 Серуен картотекасы «Құмға су құйсақ не болады?». Міндеті:** қарапайым тәжірибе арқылы зерттеуге қызығушылығын	**№8 Серуен картотекасы «Табиғатты таза ұстаймыз». Міндеті:** «Таза Қазақстан» бағыты бойынша қоршаған	**№9 Серуен картотекасы «Кішкентай көмекшілер». Міндеті:** еңбекке қызығушылық, жауапкершілік және	**№10 Серуен картотекасы «Кішкентай көмекшілер». Міндеті:** еңбекке қызығушылық, жауапкершілік және

		арттыру. **Барысы:** құрғақ құмға аздап су құйып, оның өзгерісін қолмен байқайды, дымқыл құмнан пішін жасайды. **Еңбек:** қалыптарды жинап, орнына қояды. **Қауіпсіздік:** құмды шашпау, көзге тигізбеу. **Орындалуы:** құрғақ және дымқыл құмды ажыратуға талпынады.	ортаға қамқорлық пен қауіпсіз әрекетті қалыптастыру. **Барысы:** қауіпсіз табиғи материалдар – жапырақ, бұтақша, бүрлер жиналып, бөлек ыдыстарға сұрыпталады. **Зерттеу:** үлкен-кіші, жеңіл-ауырын салыстырады. **Қауіпсіздік:** өткір, белгісіз заттарды ұстамау. **Орындалуы:** табиғи материалдарды ажыратып, белгіленген орынға жинайды.	тазалық дағдыларын бекіту. **Барысы:** ойыншықтарды дымқыл майлықпен сүртіп, таза және кір ойыншықтарды салыстырады, кептіруге орналастырады. **Зерттеу:** құрғақ-дымқыл, таза-кір ұғымдарын тәжірибе арқылы ажыратады. **Қауіпсіздік:** суды төкпеу, ойыншықты ауызға салмау. **Орындалуы:** қарапайым тазалық әрекетін орындап, құралдарды орнына жинайды.	тазалық дағдыларын бекіту. **Барысы:** ойыншықтарды дымқыл майлықпен сүртіп, таза және кір ойыншықтарды салыстырады, кептіруге орналастырады. **Зерттеу:** құрғақ-дымқыл, таза-кір ұғымдарын тәжірибе арқылы ажыратады. **Қауіпсіздік:** суды төкпеу, ойыншықты ауызға салмау. **Орындалуы:** қарапайым тазалық әрекетін орындап, құралдарды орнына жинайды.
Серуеннен оралу	Киімді орнына қою, қолды сабындап жуу. Аяқ киімді орнына қоюға ынталандыру. Қол мен бетті жуу, майлық қолдану. Өз шкафын тану, киімін реттеу. Гигиеналық әрекеттерді педагог көмегімен ретімен орындау.				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)		**«Таза аула – әдемі аула». Бағыттары:** «Таза Қазақстан», еңбекке және кәсіпке баулу. **Міндеті:** қоршаған ортаны таза ұстауға, қарапайым еңбек әрекеттерін орындауға қызығушылық қалыптастыру. **Барысы:** қауіпсіз жапырақтар себетке жиналады, гүлдерге аз мөлшерде су құйылады. «Аула сыпырушы не істейді?» ойыны арқылы тазалық еңбегі көрсетіледі. Құрғақ және дымқыл топырақ салыстырылады. **Орындалуы:** жапырақ жинайды, гүл суарады,	**«Біз тату баламыз». Бағыттары:** «Заң мен Тәртіп», буллингтің алдын алу, эмоционалды әл-ауқат, мерекелік іс-шаралар. **Міндеті:** достық, сыйластық, қауіпсіз мінез-құлықтың бастапқы дағдыларын қалыптастыру, ортақ көңілді әрекетке қатыстыру. **Барысы:** «Кел, амандасайық» ойыны ойналып, балалар қол бұлғап, жылы қарым-қатынас жасайды. «Итермейміз», «ойыншықты кезекпен аламыз», «досымызға көмектесеміз» ережелері	**«Біз тату баламыз». Бағыттары:** «Заң мен Тәртіп», буллингтің алдын алу, эмоционалды әл-ауқат, мерекелік іс-шаралар. **Міндеті:** достық, сыйластық, қауіпсіз мінез-құлықтың бастапқы дағдыларын қалыптастыру, ортақ көңілді әрекетке қатыстыру. **Барысы:** «Кел, амандасайық» ойыны ойналып, балалар қол бұлғап, жылы қарым-қатынас жасайды. «Итермейміз», «ойыншықты кезекпен аламыз», «досымызға көмектесеміз» ережелері	**«Кішкентай көмекшілер». Бағыттары:** ерте жастан еңбекке және кәсіпке баулу, салауатты өмір салты, «Таза Қазақстан». **Міндеті:** ересектердің еңбегіне қызығушылық таныту, ұқыптылық пен жауапкершіліктің бастапқы дағдыларын қалыптастыру. **Барысы:** «Кім не істейді?» ойынында аспаз, медбике, тәрбиеші көмекшісі, аула сыпырушы суреттері қаралады. Балалар қарапайым әрекеттерді орындайды: ойыншықтарды жинайды,

		қарапайым еңбек әрекетіне қатысады.	әрекетпен бекітіледі. Соңында көңілді әуенмен шағын би ұйымдастырылады. **Орындалуы:** амандасады, досымен бірге ойнайды, қарапайым ережелерді орындауға талпынады.	әрекетпен бекітіледі. Соңында көңілді әуенмен шағын би ұйымдастырылады. **Орындалуы:** амандасады, досымен бірге ойнайды, қарапайым ережелерді орындауға талпынады.	үстелді сүртуге көмектеседі, өсімдікке су құяды. **Орындалуы:** мамандықты суреттен тануға талпынады, қарапайым еңбек тапсырмасын орындайды, құралды орнына қояды.
Балалардың үйге қайтуы		Үйде баламен сөйлесуге уақыт бөлу жөнінде ұсыныс.	Қимыл белсенділігін қолдау туралы кеңес.	Қауіпсіз серуен туралы еске салу.	Апталық жетістіктері туралы ата-анамен қысқаша пікір алмасу.

Т

Тәрбиелеу білім беру процесі
2026-2027 оқу жылы
Қыркүйек 2-апта
Кіші 2-жас

Күн тәртібі	**Дүйсенбі** **07.09.2026**	**Сейсенбі** **08.09.2026**	**Сәрсенбі** **09.09.2026**	**Бейсенбі** **10.09.2026**	**Жұма** **11.09.2026**

Балаларды қабылдау	Балаларды жылы қарсы алу. «Қайырлы таң!» амандасу ойыны. Баланың көңіл күйін бақылау. **Қауіпсіздік:** топта жүгіруге болмайтынын еске салу. «Кел, амандасайық» ойыны. Баланың көңіл күйін ым-ишарамен білдіруіне мүмкіндік беру. **Құндылық:** достық. «Мен балабақшаға келдім» әңгімелесуі. Таныс ойыншықтарды атау. **Сөйлеу:** 1–2 сөзден жауап беруге ынталандыру. «Көңілді таң» шеңбері. Табиғат суреттерін қарау. **Экология:** гүлді жұлмау, табиғатты аялау. «Біз доспыз» ойыны. Бір-біріне жылы сөз айту, бірге ойнауға шақыру. **Құқықтық сауаттылық:** досын ренжітпеу.				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Баланың балабақшаға бейімделуін қолдау» жеке әңгіме. Кеңес: «2 жастағы баланың сөйлеуін үйде дамыту». Әңгімелесу: «Баланың күн тәртібін сақтау». Кеңес: «Серуен кезіндегі қауіпсіздік». Кеңес: «Баламен бірге ойнаудың маңызы».				
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық , еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	**Ұлттық құндылық «Әжемнің сандығы» Міндеті:** қазақ халқының тұрмыстық бұйымдарына қызығушылық ояту, қарапайым ұлттық құндылықтармен таныстыру. **Барысы:** сандықтан орамал, кесе, тақия сияқты таныс заттарды бір-бірден алып қарау. «Бұл – тақия», «Бұл – кесе» деп атауларын қайталау. «Тақияны тап» қарапайым ойынын ойнау. **Орындалуы:** ұлттық бұйымдарды қызығушылықпен қарап, таныс заттарды көрсетеді және атауға талпынады.	**Еңбек әрекеті «Ойыншықтарды жинаймыз» Міндеті:** қарапайым еңбек әрекеттеріне қатысуға, заттарды орнына қоюға баулу. **Барысы:** «Әр ойыншықтың өз үйі бар» ойыны арқылы доптарды себетке, текшелерді қорапқа, қуыршақтарды сөреге жинау. Бірлесіп жұмыс істеуге үйрету. **Орындалуы:** ойыншықтарды тиісті орнына жинауға қатысып, қарапайым тапсырманы орындайды.	**Таза Қазақстан «Гүлге су береміз» Міндеті:** өсімдіктерге қамқорлық жасауға және табиғатты аялауға баулу. **Барысы:** бөлме өсімдігін бірге қарап, жапырағын көрсету. Кішкентай суқұйғышпен гүлге аз мөлшерде су құю. «Гүлге су керек» сөз тіркесін қайталау. **Орындалуы:** өсімдікке қамқорлық жасау әрекетіне қатысып, суды үнемдеп пайдалануға дағдыланады.	**Кәсіпке баулу «Кішкентай аспаздар» Міндеті:** аспаз еңбегімен қарапайым түрде таныстырып, еңбекке қызығушылық қалыптастыру. **Барысы:** ойыншық ыдыстар, жемістер мен көкөністер арқылы «Ас дайындаймыз» сюжеттік ойынын ұйымдастыру. Балалар жемістерді ыдысқа салып, қасықпен араластыру әрекетін қайталайды. **Орындалуы:** аспаздың қарапайым еңбек әрекеттеріне еліктеп, ойын құралдарын мақсатқа сай қолданады.	**Ұлттық құндылық және еңбек «Дастархан жасаймыз» Міндеті:** дастарханға құрметпен қарауға, үлкендерге көмектесудің қарапайым әрекеттерін орындауға баулу. **Барысы:** шағын үстелге дастархан жайып, ойыншық кесе мен тәрелкелерді орналастыру. «Кесе қой», «Қасықты әкел» сияқты қарапайым тапсырмаларды орындау. Соңында заттарды бірге жинау. **Орындалуы:** қарапайым еңбек тапсырмаларын орындап, ұлттық дастархан мәдениетіне қызығушылық танытады.

Таңертенгі жаттығу	**№ 6 Таңғы жаттығу.** Шеңбер бойымен жүру; қолды алға созу; денені оң-солға бұру; тізені бүгу; жеңіл секіру.	**№7 Таңғы жаттығу.** Бірінің артынан бірі жүру; қолды жоғары көтеру және түсіру; қолды екі жаққа созу; отырып-тұру; аяқ ұшымен көтерілу.	**№8 Таңғы жаттығу.** Шеңбер бойымен баяу жүру; қолды жоғары созу; қолды алға-артқа сермеу; денені алға еңкейту; орнында жеңіл секіру.	**№9 Таңғы жаттығу.** Қол ұстасып шеңбер бойымен жүру; қолды иыққа қою; денені оң-солға бұру; тізені кезекпен көтеру; қолды жоғары көтеріп тыныс алу.	**№10 Таңғы жаттығу.** Бір бағытта жүру; қолды екі жаққа жайып «құстарша» қимылдау; алға еңкею; отырып-тұру; қос аяқпен жеңіл секіру.
Таңғы ас	Қолды дұрыс жууға көмектесу. Қасықты дұрыс ұстауға жаттықтыру. «Таза қол» дағдысы. Тамақты төкпей жеуге ынталандыру. Ас алдында қол жуу, майлықты қолдану. Тағамды асықпай шайнауға дағдыландыру. Тамақтан соң ыдысты реттеуге, «рақмет» айтуға үйрету.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	**Зерттеу ойыны:** «Үлкен – кіші». Заттарды көлеміне қарай салыстыру.	**Дидактикалық ойын:** «Түсті тап». Негізгі түстерді ажырату.	**Зерттеу ойыны:** «Қатты – жұмсақ». Заттарды сипап сезу арқылы қасиеттерін ажырату.	**Сенсорлық ойын:** «Пішінді тап». Дөңгелек және төртбұрышты пішіндерді ажырату.	**Зерттеу ойыны:** «Құрғақ – дымқыл». Құмның қарапайым қасиеттерін байқап көру.
Кестеге сәйкес ҰІӘ	**Дене тәрбиесі** **«Көңілді шеңбер» Міндеті:** берілген бағытта шеңбер бойымен қолдарын әртүрлі қалыпта ұстап жүруге үйрету. **Барысы:** балалар шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүреді. Қолдарын жоғары көтеріп, екі жаққа созып және төмен түсіріп жүреді. Белгі берілгенде тоқтайды, қайта белгі берілгенде қозғалысын жалғастырады. **Қимылды ойын:** «Маған қарай жүр». **Орындалуы:** шеңбер	**Музыка** **«Көңілді әуен» Міндеті:** музыкаға қызығушылық оятып, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға баулу. **Барысы:** көңілді әуенді тыңдап, оның сипатына сәйкес қол шапалақтау, аяқпен жеңіл топылдату қимылдарын орындайды. **Музыкалық ойын:** «Әуенді тыңда». **Орындалуы:** музыканы қызығушылықпен тыңдап, көңіл күйін қимыл арқылы білдіреді.	**Дене тәрбиесі** **Аяқтың ұшымен жүреміз» Міндеті:** аяқтың ұшымен жүру дағдысын қалыптастырып, тепе-теңдікті сақтауға баулу. **Барысы:** балалар алдымен қалыпты жүріп, белгі бойынша аяқтың ұшына көтеріліп жүреді. Қолдарын екі жаққа созып, қысқа аралықты аяқтың ұшымен өтеді. **Қимылды ойын:** «Тыныш жүріп өт». **Орындалуы:** аяқтың ұшымен қысқа қашықтықта жүруге талпынады.	**Дене тәрбиесі** **«Досыммен бірге жүремін» Міндеті:** бір-бірінің қолынан ұстап, берілген бағыт бойынша бірге жүруге үйрету. **Барысы:** балалар жұптасып, қолдарынан ұстап алға жүреді. Бағытты өзгертіп, белгі бойынша тоқтайды. Кейін шағын топпен бірге қозғалады. **Қимылды ойын:** «Жұбыңмен жүр». **Орындалуы:** қол ұстасып, бір бағытта бірге жүреді және белгі бойынша тоқтайды	**Шығармашылық күн(Балалардың қалауы бойынша іс-әрекет)** **«Жапырақтар билейді» Міндеті:** табиғи материалдарға қызығушылық оятып, түс пен пішінді қабылдауын дамыту. **Барысы:** балалар қалауы бойынша жапырақтарды бояумен таңбалайды, ермексазға жапырақ ізін түсіреді немесе түрлі түсті дайын жапырақтарды қағаз бетіне орналастырады. **Орындалуы:** табиғи материалмен қарапайым шығармашылық жұмыс орындайды.

	бойымен бағытты сақтап, белгіге сәйкес тоқтайды.				
	Міндеті: еңбек әрекетін білдіретін сөздерді қолдануға, ауызша нұсқау бойынша қарапайым тапсырмаларды орындауға және шығармашылық әрекетке қызығушылық танытуға баулу. **Тіл дамыту:** «суару, құю, алу-салу», «жасыл, үлкен-кіші» сөздерін қолданып, гүлге күтім жасау әрекетін әңгімелеу. **Көркем әдебиет:** өсімдік туралы жасына сай шағын әңгіме оқып, «Не суардық?», «Гүл қандай?» сұрақтарына жауап беру. **Сенсорика:** үлкен-кіші гүлдерді ажыратып, үлгі бойынша тиісті ыдысқа орналастыру. **Сурет салу:** қаламмен қысқа сызықтар арқылы гүлдің сабағын бейнелеу. **Мүсіндеу:** ермексазды ұстап, жұмсартып, кішкентай бөліктер жасау.	**Міндеті:** заттардың түсін, көлемін, пішінін білдіретін сөздермен сөздік қорын байытып, үлгі бойынша әрекет жасау дағдысын қалыптастыру. **Тіл дамыту:** «алу-салу», «үлкен-кіші», «домалақ», «қызыл, сары, көк» сөздерін қолдану. **Көркем әдебиет:** доп туралы қысқа өлең оқып, қарапайым сұрақтарға жауап беру. **Сенсорика:** үлкен және кіші доптарды түсіне қарай тиісті себетке салу. **Сурет салу:** қаламды дұрыс ұстап, дайын доп бейнесіне сызықтар мен қарапайым іздер түсіру. **Мүсіндеу:** ермексаздың жұмсақтығын қолмен сезіп, алақан арасында домалату. **Жапсыру:** түрлі түсті қағазды жыртып, дайын дөңгелек бейненің ішіне орналастыру.	**Міндеті:** қарама-қарсы мәндес әрекеттерді білдіретін сөздерді меңгерту, ауызша нұсқауды тыңдап орындауға үйрету. **Тіл дамыту:** сөмкені «ашу-жабу», заттарды «алу-салу» әрекеттерін орындап, «үлкен-кіші», «әдемі» сөздерін қолдану. **Көркем әдебиет:** қуыршақ туралы шағын әңгіме тыңдап, «Сөмкеде не бар?» сұрағына жауап беру. **Сенсорика:** әртүрлі көлемдегі заттарды үлгі бойынша сөмкеге салып, қайта алу. **Сурет салу:** сөмкенің дайын бейнесін қаламмен түзу және ирек сызықтар арқылы безендіру. **Мүсіндеу:** ермексазды басу, үзу, жұмсарту арқылы қасиеттерін зерттеу. **Жапсыру:** қағазды бүктеп, ашып көру және дайын пішіндерді сөмке бейнесіне орналастыру.	**Міндеті:** заттардың түсін, көлемін, пішінін және дәмін білдіретін сын есімдерді қолдануға, сенсорлық және шығармашылық дағдыларын дамытуға баулу. **Тіл дамыту:** «қызыл, көк, тәтті, дәмді, домалақ, үлкен-кіші», «алу-салу» сөздерін қолдану. **Көркем әдебиет:** жидектер туралы қысқа өлең оқып, «Жидек қандай?» сұрағына жауап беру. **Сенсорика:** қызыл және көк, үлкен және кіші жидектерді үлгі бойынша ажыратып орналастыру. **Сурет салу:** қаламды дұрыс ұстап, дайын бұтақ бейнесіне домалақ іздер салу. **Мүсіндеу:** жұмсақ ермексаздан кішкентай бөліктер үзіп алып, жидектер жасау. **Жапсыру:** түрлі түсті қағазды ұсақтап, дайын себет бейнесіне орналастыру.	**Міндеті:** қарым-қатынас пен көңіл күйді білдіретін сөздерді қолдануға ынталандырып, өзара көмек пен жағымды эмоциялық қарым-қатынасты қалыптастыру. **Тіл дамыту:** «көмектесу, құшақтау, қуану, күлу, ренжу» сөздерін суретті жағдаяттар арқылы қолдану. **Көркем әдебиет:** достық пен мейірімділік туралы шағын әңгіме оқып, «Кім көмектесті?», «Бала неге қуанды?» сұрақтарына жауап беру. **Сенсорика:** досына беру үшін үлкен-кіші, әртүрлі түсті заттарды үлгі бойынша таңдау. **Сурет салу:** қаламды дұрыс ұстап, «Досыма шар» бейнесін қарапайым сызықтармен толықтыру. **Мүсіндеу:** ермексазды жұмсартып, домалақ пішіндер жасау. **Жапсыру:** қағазды жыртып, ұсақ бөліктерін дайын жүрек пішініне орналастыру.

	Жапсыру: жасыл қағазды ұсақтап, дайын гүл бейнесінің айналасына орналастыру.				
Екінші таңғы ас	Қол жуу, ас ішу мәдениетін бекіту. Қасықты дұрыс ұстауға жаттықтыру. Майлықты қолдану. Тағамды ұқыпты жеу. Тамақтан кейін алғыс айту.				
Серуенге дайындық	Киімдерін ретімен киюге көмектесу, аяқ киімді тануға үйрету. Киіну кезінде қарапайым дербестікке ынталандыру. Киімдерін педагог көмегімен кию. Бас киімін дұрыс киюге жаттықтыру. Киінгеннен кейін бір-бірін күтуге үйрету.				
Серуен	**Серуен картотекасы №11 «Таза аула»**. **Міндеті:** қарапайым еңбек әрекетіне қатыстыру, табиғатты таза ұстауға баулу, саусақ қимылдарын жетілдіру. **Бақылау:** ауладағы жапырақтар мен шөптерді қарау, «жапырақ», «шөп», «ағаш» сөздерін қайталау. **Еңбекке баулу:** жердегі қауіпсіз ірі жапырақтарды қолмен жинап, себетке салу. **«Жасыл ел»:** ауламызды таза ұстаймыз, өсімдіктерді жұлмаймыз. **Қол моторикасы:** жапырақты саусақпен	**Серуен картотекасы №12 «Гүлге қамқорлық»**. **Міндеті:** өсімдікке күтім жасауға қызығушылық қалыптастыру, қол мен саусақ үйлесімділігін дамыту. **Бақылау:** гүлдің түсін, жапырағын қарау, иісін сезу. **Еңбекке баулу:** шағын ыдыспен гүл түбіне аз мөлшерде су құю. **«Жасыл ел»:** гүлді жұлмай, күтіп-баптауға үйрену. **Қол моторикасы:** ыдысты екі қолмен ұстау, суды ақырын құю, жапырақтарды саусақпен көрсету. **Қауіпсіздік:** суды төкпеу, дымқыл жерде жүгірмеу.	**Серуен картотекасы №13 «Құмдағы еңбек»**. **Міндеті:** қарапайым еңбек дағдысын қалыптастыру, құммен әрекет жасау арқылы қол моторикасын дамыту. **Бақылау:** құрғақ және дымқыл құмды ұстап көріп, айырмашылығын байқау. **Еңбекке баулу:** күрекшемен құмды шағын ыдысқа салу, ойын соңында күрекше мен қалыптарды жинау. **«Жасыл ел»:** ойын алаңын таза әрі жинақы қалдыру. **Қол моторикасы:** құмды уыстау, күрекшемен алу, төгу, қалыпқа салу. **Қауіпсіздік:** құмды	**Серуен картотекасы №14 «Жасыл көмекшілер»**. **Міндеті:** табиғатқа қамқорлық пен еңбекке қызығушылықты дамыту, саусақтардың дәл қимылын жетілдіру. **Бақылау:** ағаштың діңін, бұтағын, жапырағын қарау; жапырақтардың қозғалысын бақылау. **Еңбекке баулу:** ағаш маңындағы қауіпсіз ірі жапырақтарды жинауға көмектесу. **«Жасыл ел»:** ағаш бұтағын сындырмау, жапырағын жұлмау. **Қол моторикасы:** жапырақтарды бір-бірден алып, қорапқа салу; саусақпен жапырақ бетін	**Серуен картотекасы №15 «Табиғатты аялаймыз»**. **Міндеті:** еңбек нәтижесін көруге, қоршаған ортаны таза ұстауға баулу, ұсақ қол қимылдарын дамыту. **Бақылау:** серуен алаңындағы ағаш, гүл, шөпті бірге қарау. **Еңбекке баулу:** серуен ойыншықтарын жинап, әрқайсысын өз орнына салу; қауіпсіз табиғи материалдарды бөлек жинау. **«Жасыл ел»:** «таза жер – әдемі жер» түсінігін қарапайым әрекет арқылы бекіту. **Қол моторикасы:** жапырақ, бүр сияқты қауіпсіз табиғи материалдарды саусақпен ұстап, жеке ыдыстарға

	ұстау, жинау, себетке салу; үлкен-кіші жапырақтарды ажырату. **Қауіпсіздік:** өткір, лас, белгісіз заттарды ұстамау.		ауызға салмау, бір-біріне шашпау.	сипау. **Қауіпсіздік:** бұтақтардың арасына кірмеу, ағашқа өрмелемеу.	бөліп салу. **Қауіпсіздік:** белгісіз өсімдіктерді ұстамау және ауызға салмау.
Серуеннен оралу	Киімді орнына қою, қолды сабындап жуу. Аяқ киімді орнына қоюға ынталандыру. Қол мен бетті жуу, майлық қолдану. Өз шкафын тану, киімін реттеу. Гигиеналық әрекеттерді педагог көмегімен ретімен орындау.				
Түскі ас	Қолды дұрыс жууға көмектесу. Қасықты дұрыс ұстауға жаттықтыру. «Таза қол» дағдысы. Тамақты төкпей жеуге ынталандыру. Ас алдында қол жуу, майлықты қолдану. Тағамды асықпай шайнауға дағдыландыру. Тамақтан соң ыдысты реттеуге, «рақмет» айтуға үйрету.				
Күндізгі ұйқы	**«Бір күнде бір ертегі».** Балаларды тыныш ұйқыға дайындау, қысқа халық ертегісін мәнерлеп оқып беру. **Міндеті:** көркем сөзді тыңдауға қызығушылығын арттыру, таныс сөздерді естіп қабылдауын дамыту. **Барысы:** балалар төсектеріне жайғасқан соң қысқа ертегі баяу дауыспен оқылады, кейіпкерлердің атаулары анық айтылады, соңынан тыныш әуен қосылып, демалуға жағдай жасалады.	**«Әлди, әлди, бөпешім».** Қазақтың бесік жырын тыңдату. **Міндеті:** ұлттық мұраға қызығушылық қалыптастыру, ана тілінің әуезділігін сезінуге мүмкіндік беру. **Барысы:** ұйқы алдында «әлди», «бөпе», «ұйықта» сияқты қарапайым сөздер айтылып, бесік жыры баяу орындалады немесе тыңдатылады, балалар тыныш күйде ұйқыға көшеді.	**«Өлең тыңдап ұйықтаймыз».** Балаларға арналған қысқа өлең оқу. **Міндеті:** сөздерді тыңдау, түсіну және есту арқылы сөздік қорын молайту. **Барысы:** табиғат, достық немесе жануарлар туралы жасына сай шағын өлең мәнерлеп оқылады, таныс сөздер анық айтылып, балалардың тыныш демалуына жағдай жасалады.	**«Ертегі кейіпкерімен тынығамыз».** Қысқа ертегі немесе шағын әңгіме тыңдату. **Міндеті:** тыңдау мәдениетін қалыптастыру, кейіпкерлердің атауларын есте сақтауға ықпал ету. **Барысы:** ертегі кітабынан суреттер көрсетіліп, кейіпкерлер қысқаша аталады, шағын үзінді баяу оқылады, соңынан тыныштық сақталып, балалар ұйқыға дайындалады.	**«Тәтті ұйқы».** Жаңылтпаш, санамақ немесе қысқа тақпақты баяу қайталап, тыныш әуен тыңдату. **Міндеті:** ана тіліндегі сөздерді естіп қабылдауын жетілдіру, жағымды көңіл күй қалыптастыру. **Барысы:** ұйқы алдында жасына сай қысқа санамақ немесе тақпақ тыңдатылады, таныс сөздер бірге баяу қайталанады, кейін тыныш әуенмен балалардың жайлы ұйықтауына жағдай жасалады.
Біртіндеп ұйқыдан ояту,	«Күнге созыламыз» – төсекте жеңіл созылу, тыныс алу. «Мысықтар оянды» – қол-аяқты созу, баяу тұру. Табанға арналған қарапайым жаттығулар.				

сауықтыру шаралары	«Көңілді аяқтар» – аяқ ұшымен жүру. «Біз ояндық» – созылу, қолды жоғары көтеру, тыныс алу.				
Бесін ас	Қол жуу, ас ішу мәдениетін бекіту. Қасықты дұрыс ұстауға жаттықтыру. Майлықты қолдану. Тағамды ұқыпты жеу. Тамақтан кейін алғыс айту.				
Кестеге сәйкес ҰІӘ	**Дене тәрбиесі «Ізбен жүреміз» Міндеті:** берілген бағытты сақтап, шағын топпен жүруге жаттықтыру. **Барысы:** еденге қойылған іздер бойымен балалар шағын топпен бірінің артынан бірі жүреді. Белгі бойынша тоқтап, қайта қозғалады. **Қимылды ойын:** «Ізді	**Музыка «Сылдырмақтың үні» Міндеті:** музыкалық дыбыстарды тыңдауға қызығушылығын арттырып, әуенге эмоционалды жауап беруге үйрету. **Барысы:** сылдырмақтың дыбысын тыңдап, әуенмен бірге сылдырмақты ақырын және көңілді ырғақта сілкілейді. Музыка тоқтағанда қимылын тоқтатады.	**Дене тәрбиесі «Балапандар серуенде» Міндеті:** аяқтың ұшымен жүруге және жүру кезінде қолдарын әртүрлі қалыпта ұстауға үйрету. **Барысы:** балалар «балапандар» болып қолдарын екі жаққа созып жүреді. Белгі бойынша аяқтың ұшымен қысқа қашықтықты жүріп өтеді, кейін	**Дене тәрбиесі «Жалаушаға қарай жүр» Міндеті:** әртүрлі және берілген бағытта қозғалу дағдыларын дамыту. **Барысы:** алаңның әр жеріне жалаушалар орналастырылады. Балалар көрсетілген жалаушаға қарай жүреді. Жалаушаның орны өзгерген сайын жүру	**Шығармашылық күн(Балалардың қалауы бойынша іс-әрекет) «Әдемі гүлдер» Міндеті:** түстерді ажыратуға, шығармашылық қабілеті мен ұсақ қол моторикасын дамытуға баулу. **Барысы:** балалар қалауы бойынша саусақпен гүл суретін салады, ермексаздан гүл күлтелерін жасайды немесе дайын гүл

	басып жүр». **Орындалуы:** көрсетілген бағытты сақтап жүріп, белгіге сәйкес тоқтайды.	**Музыкалық ойын:** «Сылдырмақты тыңда». **Орындалуы:** сылдырмақтың дыбысына назар аударып, музыкаға сәйкес әрекет етеді.	қалыпты жүріске ауысады. **Қимылды ойын:** «Балапандар мен ұя». **Орындалуы:** қол қалпын өзгертіп, аяқтың ұшымен жүруге талпынады	бағытын да өзгертеді. **Қимылды ойын:** «Жалаушаны тап». **Орындалуы:** көрсетілген бағытты түсініп, сол бағытқа қарай жүреді	пішіндерін қағаз бетіне орналастырады. **Орындалуы:** түстерді таңдап, гүл бейнесін жасауға қызығушылық танытады.
	Міндеті: еңбек әрекетін білдіретін сөздерді қолдануға, заттардың түсі, көлемі мен дәмін сипаттауға ынталандыру. **Тіл дамыту:** «жуу, құю, алу-салу», «тәтті, дәмді, үлкен-кіші» сөздерін қолдану. **Көркем әдебиет:** тағам туралы қысқа тақпақ оқып, қарапайым сұрақтарға жауап беру. **Сенсорика:** үлкен-кіші ыдыстарды ажыратып, үлгі бойынша орналастыру. **Сурет салу:** қаламды дұрыс ұстап, тәрелкені қысқа сызықтармен безендіру. **Мүсіндеу:** ермексазды жұмсартып, домалақ тоқаштар жасау. **Жапсыру:** қағазды ұсақтап, дайын тәрелке бейнесіне орналастыру.	**Міндеті:** қамқорлық пен көңіл күйді білдіретін сөздерді қолдануға, мейірімді қарым-қатынас жасауға баулу. **Тіл дамыту:** «беру, құю, көмектесу, қуану», «жұмсақ, кішкентай» сөздерін қолдану. **Көркем әдебиет:** мысық туралы шағын әңгіме оқып, «Мысық қандай?», «Оған не береміз?» сұрақтарына жауап беру. **Сенсорика:** үлкен-кіші ыдыстарды үлгі бойынша таңдап, ойыншық мысықтың жанына қою. **Сурет салу:** қаламмен жіп шумағының жолын сызықтар арқылы бейнелеу. **Мүсіндеу:** ермексазды домалатып, «жіп шумағын» жасау. **Жапсыру:** қағазды жыртып, дайын мысық бейнесінің жанына орналастыру.	**Міндеті:** заттардың түсі мен көлемін білдіретін сөздерді меңгертіп, ауызша нұсқау бойынша әрекет жасауға үйрету. **Тіл дамыту:** «ашу-жабу, кию-шешу», «көк, үлкен-кіші, суық» сөздерін қолдану. **Көркем әдебиет:** жаңбыр туралы қысқа өлең тыңдап, қарапайым сұрақтарға жауап беру. **Сенсорика:** үлкен-кіші қолшатырларды ажыратып, түстеріне қарай сәйкестендіру. **Сурет салу:** қаламды дұрыс ұстап, жоғарыдан төмен қарай қысқа сызықтармен жаңбыр бейнелеу. **Мүсіндеу:** ермексазды үзіп, жұмсартып, жаңбыр тамшыларын жасау. **Жапсыру:** көк қағазды жыртып, тамшыларды бұлттың астына орналастыру.	**Міндеті:** еңбек әрекетін білдіретін сөздерді бекітіп, тазалыққа және қарапайым тапсырманы орындауға баулу. **Тіл дамыту:** «жуу, құю, алу-салу», «таза-лас, үлкен-кіші» сөздерін әрекет барысында қолдану. **Көркем әдебиет:** тазалық туралы шағын әңгіме оқып, «Не жудық?», «Ойыншық қандай болды?» сұрақтарына жауап беру. **Сенсорика:** үлкен-кіші ойыншықтарды ажыратып, тиісті ыдысқа салу. **Сурет салу:** қаламмен су тамшыларын қысқа сызықтар және нүктелер арқылы бейнелеу. **Мүсіндеу:** жұмсақ ермексазды басып, домалатып қарапайым «сабын» жасау. **Жапсыру:** қағазды ұсақтап, дайын су тамшысы бейнесіне орналастыру.	**Міндеті:** қарым-қатынас пен көңіл күйді білдіретін сөздерді қолдануға, достық пен өзара көмекті қалыптастыруға баулу. **Тіл дамыту:** «беру-алу, көмектесу, құшақтау, қуану, күлу» сөздерін қолдану. **Көркем әдебиет:** достық туралы қысқа өлең тыңдап, қарапайым сұрақтарға жауап беру. **Сенсорика:** дөңгелек және төртбұрыш, үлкен-кіші пішіндерді үлгі бойынша орналастыру. **Сурет салу:** қаламды дұрыс ұстап, мерекелік сыйлық қорабын сызықтармен безендіру. **Мүсіндеу:** ермексазды жұмсартып, кішкентай домалақ әшекейлер жасау. **Жапсыру:** қағазды бүктеу және жырту тәсілімен мерекелік композицияны толықтыру.

Екінші таңғы ас	Қол жуу, ас ішу мәдениетін бекіту. Қасықты дұрыс ұстауға жаттықтыру. Майлықты қолдану. Тағамды ұқыпты жеу. Тамақтан кейін алғыс айту.				
Серуенге дайындық	Киімдерін ретімен киюге көмектесу, аяқ киімді тануға үйрету. Киіну кезінде қарапайым дербестікке ынталандыру. Киімдерін педагог көмегімен кию. Бас киімін дұрыс киюге жаттықтыру. Киінгеннен кейін бір-бірін күтуге үйрету.				
Серуен	**Серуен картотекасы №31 «Жасыл аулаға көмектесеміз»**. **Міндеті:** ауланы тазалығына қатысуға, қарапайым еңбек әрекетін орындауға баулу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. **Бақылау:** ауладағы шөп, ағаш және жерге түскен жапырақтарды қарау. **Еңбекке баулу:** қауіпсіз ірі жапырақтарды шағын шелекке жинап салу. **«Жасыл ел»:** аулада қоқыс қалдырмау, өсімдіктерді бүлдірмеу дағдысын қалыптастыру. **Қол моторикасы:** жапырақты екі саусақпен ұстау, уыстау, шелектің тұтқасын ұстау, жапырақты ішіне салу. **Қауіпсіздік:** бөтен, лас және өткір заттарды жинамау.	**Серуен картотекасы №32 «Гүлдің топырағын күтеміз»**. **Міндеті:** өсімдіктерге қамқорлық жасауға қызығушылығын арттыру, қарапайым еңбек арқылы қол қимылын жетілдіру. **Бақылау:** гүл түбіндегі құрғақ және дымқыл топырақты қарау, қолмен жеңіл ұстап көру. **Еңбекке баулу:** кішкентай күрекшемен гүл түбіндегі топырақты ақырын қопсытуға қатысу. **«Жасыл ел»:** гүлді баспау, жұлмау, өсімдікке ұқыпты қарау. **Қол моторикасы:** күрекшенің сабын ұстау, топырақты аздап алу, түсіру, қол білегін қимылдату. **Қауіпсіздік:** күрекшені жоғары көтермеу, басқа балаға бағыттамау.	**Серуен картотекасы №33 «Бұтақтарды жинаймыз»**. **Міндеті:** қоршаған ортаны таза ұстауға баулу, еңбек әрекеті арқылы саусақ пен қол қимылдарын дамыту. **Бақылау:** жерге түскен жапырақ пен бұтақтарды салыстыру, «ұзын-қысқа», «үлкен-кіші» ұғымдарын қарапайым түрде бекіту. **Еңбекке баулу:** қауіпсіз, ірі және үшкір емес бұтақтарды жинап, арнайы ыдысқа салу. **«Жасыл ел»:** ағаштағы бұтақты сындырмай, тек жерге түскен табиғи материалдарды жинау. **Қол моторикасы:** бұтақты ұстау, бір қолдан екінші қолға ауыстыру, ұзын-қысқасын ажыратып, ыдысқа салу. **Қауіпсіздік:** үшкір, сынған бұтақтарды ұстамау, бұтақпен ойнамау.	**Серуен картотекасы №34 «Су құятын кішкентай көмекшілер»**. **Міндеті:** еңбекке қызығушылық қалыптастыру, суды ұқыпты пайдалануға және өсімдікке күтім жасауға баулу, қол үйлесімділігін дамыту. **Бақылау:** су құйылған және құйылмаған топырақтың айырмашылығын қарау. **Еңбекке баулу:** шағын суқұйғышпен ағаштың немесе гүлдің түбіне су құю. **«Жасыл ел»:** суды босқа төкпей, өсімдіктерді күтуге пайдалану. **Қол моторикасы:** суқұйғышты екі қолмен ұстау, көтеру, еңкейту, суды баяу құю және қайта орнына қою. **Қауіпсіздік:** суды балаларға шашпау, су төгілген жерде абайлап жүру.	**Серуен картотекасы №35 «Табиғи материалдарды жинаймыз»**. **Міндеті:** табиғатқа қызығушылығын арттыру, еңбек пен сұрыптау әрекеті арқылы қолдың ұсақ моторикасын жетілдіру. **Бақылау:** жердегі жапырақ, бүр, ірі тас сияқты қауіпсіз табиғи материалдарды қарау, олардың пішіні мен көлеміндегі айырмашылықты байқау. **Еңбекке баулу:** қауіпсіз табиғи материалдарды жинап, түріне қарай жеке ыдыстарға салу. **«Жасыл ел»:** табиғаттан тек жерге түскен материалдарды жинау, тірі өсімдіктерді зақымдамау. **Қол моторикасы:** табиғи материалды саусақпен ұстау, сипау, аудару, бір-бірден алып тиісті ыдысқа салу. **Қауіпсіздік:** өте ұсақ, үшкір және белгісіз заттарды ұстамау, ауызға салмау.

Серуеннен оралу	Киімді орнына қою, қолды сабындап жуу. Аяқ киімді орнына қоюға ынталандыру. Қол мен бетті жуу, майлық қолдану. Өз шкафын тану, киімін реттеу. Гигиеналық әрекеттерді педагог көмегімен ретімен орындау.				
Түскі ас	Қолды дұрыс жууға көмектесу. Қасықты дұрыс ұстауға жаттықтыру. «Таза қол» дағдысы. Тамақты төкпей жеуге ынталандыру. Ас алдында қол жуу, майлықты қолдану. Тағамды асықпай шайнауға дағдыландыру. Тамақтан соң ыдысты реттеуге, «рақмет» айтуға үйрету.				
Күндізгі ұйқы	**«Ертегімен тәтті ұйқы». Міндеті:** қысқа ертегіні тыңдауға қызығушылығын арттыру, сөздерді естіп қабылдауын дамыту. **Барысы:** балалар жайғасқаннан кейін жануарлар туралы қысқа қазақ халық ертегісі баяу, мәнерлі оқылады, таныс кейіпкерлердің атаулары анық айтылады, соңынан тыныш әуен тыңдалып, жайлы ұйқыға жағдай жасалады.	**«Әжемнің әлдиі». Міндеті:** бесік жыры арқылы ана тілінің әуезділігін сезінуге, ұлттық мұраны қабылдауға баулу. **Барысы:** ұйқы алдында қысқа бесік жыры айтылып, «әлди», «бөпе», «ұйықта», «ай» сияқты жеңіл сөздер баяу қайталанады, балалар тыныштық сақтап демалуға көшеді.	**«Кітаптан келген қонақ». Міндеті:** кітапқа қызығушылығын арттыру, таныс кейіпкерлерді тыңдап тануға үйрету. **Барысы:** суретті кітаптан бір кейіпкер көрсетіліп, оның атауы мен қарапайым әрекеті айтылады, кейін сол кейіпкер туралы қысқа әңгіме немесе ертегі оқылып, балалар тыныш ұйқыға дайындалады.	**«Табиғат үні». Міндеті:** табиғатқа қатысты қарапайым сөздерді естіп қабылдауын дамыту, тыныш эмоционалдық орта қалыптастыру. **Барысы:** күн, бұлт, жаңбыр, құс, гүл туралы қысқа тақпақ баяу оқылады, табиғаттың тыныш дыбыстары тыңдатылады, балалардың еркін тыныығып, ұйықтауына жағдай жасалады.	**«Ана тілім – әлдиім». Міндеті:** қазақ тіліндегі көркем сөзге қызығушылық ояту, тыңдау дағдысын қалыптастыру. **Барысы:** жасына сай қысқа тақпақ немесе халық ауыз әдебиетінен шағын шумақ мәнерлеп оқылады, таныс сөздер баяу қайталанып, соңынан бесік жыры тыңдатылып, балалар тыныш ұйқыға көшеді.
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	«Күнге созыламыз» – төсекте жеңіл созылу, тыныс алу. «Мысықтар оянды» – қол-аяқты созу, баяу тұру. Табанға арналған қарапайым жаттығулар. «Көңілді аяқтар» – аяқ ұшымен жүру. «Біз ояндық» – созылу, қолды жоғары көтеру, тыныс алу.				
Бесін ас	Қол жуу, ас ішу мәдениетін бекіту. Қасықты дұрыс ұстауға жаттықтыру. Майлықты қолдану. Тағамды ұқыпты жеу. Тамақтан кейін алғыс айту.				

Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	**Тақырыбы: «Менің төсегім». Міндеті:** үйдегі таныс заттарды тануға және құрылыс бөлшектерін қарапайым орналастыруға баулу. **Қоршаған әлеммен таныстыру:** бөлме суретінен төсекті тауып көрсетеді, «төсек», «бөлме», «үй» сөздерін қайталайды. **Құрастыру:** кірпіш пен пластиналарды қатар орналастырып, қуыршаққа қарапайым төсек құрастырады.	**Тақырыбы: «Біздің отбасылық үстел».** **Міндеті:** отбасы мүшелері туралы түсінігін бекітіп, текше мен пластинаны үйлестіріп орналастыруға үйрету. **Қоршаған әлеммен таныстыру:** отбасы мүшелерінің суреттерін қарап, ана, әке, ата, әжені көрсетіп, атауларын қайталайды. **Құрастыру:** текшелердің үстіне пластинаны орналастырып, отбасыға арналған үстел құрастырады.	**Тақырыбы: «Менің үйімнің қақпасы».** **Міндеті:** өз үйі туралы қарапайым түсінігін қалыптастырып, құрылыс материалдарын жазықтықта орналастыруға баулу. **Қоршаған әлеммен таныстыру:** үйдің суретін қарап, есік пен қақпаны көрсетеді, өзінің үйін тануға талпынады. **Құрастыру:** текше мен кірпіштерді екі жаққа орналастырып, қарапайым қақпа құрастырады.	**Тақырыбы: «Отбасымызға жол жасаймыз». Міндеті:** отбасы мүшелерін тануға және пластиналарды бірінің жанына бірін орналастыруға үйрету. **Қоршаған әлеммен таныстыру:** фотосуреттерден отбасы мүшелерін көрсетіп, олардың аттарын айтуға талпынады. **Құрастыру:** пластина мен кірпіштерді қатарлап орналастырып, үйге апаратын ұзын жол құрастырады.	**Тақырыбы: «Менің үйім және отбасым». Міндеті:** өзін, үйін және отбасы мүшелерін тануға, әртүрлі құрылыс бөлшектерін ойын барысында қолдануға баулу. **Қоршаған әлеммен таныстыру:** өз фотосуретін тауып, есімін және жасын айтуға талпынады, отбасы мүшелерін көрсетіп атайды. **Құрастыру:** текше, кірпіш, үш қырлы призма, пластина және цилиндрді пайдаланып, үй мен оның айналасына қарапайым құрылыстар орналастырады.
Балалармен жеке жұмыс	**Жеке жұмыс: «Кім келді?» Міндеті:** отбасы мүшелерінің атауларын айтуға, қарапайым сұрақтарға жауап беруге баулу. **Орындалуы:** ана, әке, ата, әже суреттерін көрсетіп, «Кім келді?» сұрағына «Ана келді», «Әке келді» деп жауап айтқызу. **Скендр Хамза**	**Жеке жұмыс: «Қайда тұр?» Міндеті:** заттардың орналасуын білдіретін қарапайым сөздерді түсінуге және қолдануға баулу. **Орындалуы:** ойыншықты үстелдің үстіне, қораптың ішіне орналастырып, «үстінде», «ішінде» сөздерін әрекетпен бірге қайталату. **Нұрмәжіт Раяна**	**Жеке жұмыс: «Қандай?» Міндеті:** заттың түсі мен көлемін білдіретін сөздерді қолдануға үйрету. **Орындалуы:** таныс ойыншықтарды көрсетіп, «қызыл доп», «үлкен текше», «кішкентай қуыршақ» сияқты сөз тіркестерін айтқызу. **Оспанов Қайсар**	**Жеке жұмыс: «Мен не істеймін?» Міндеті:** күнделікті әрекеттерді білдіретін етістіктерді сөздік қорына енгізуге баулу. **Орындалуы:** ішу, жеу, журу, отыру, ұйықтау әрекеттерін суреттен көрсетіп, «су ішемін», «нан жеймін», «мен жүремін» деп айтқызу. **Абайсерикова Фатима**	**Жеке жұмыс: «Ертегіден таны» Міндеті:** таныс ертегі кейіпкерлерін атауға, кітапты тыңдауға және қарапайым сөзбен жауап беруге баулу. **Орындалуы:** таныс ертегінің суреттерінен кейіпкерлерді көрсетіп, «Бұл кім?» сұрағына кейіпкердің атауын айтқызу. **Атабай Әмина**
Серуенге дайындық	Киімдерін ретімен киюге көмектесу, аяқ киімді тануға үйрету. Киіну кезінде қарапайым дербестікке ынталандыру. Киімдерін педагог көмегімен кию. Бас киімін дұрыс киюге жаттықтыру. Киінгеннен кейін бір-бірін күтуге үйрету.				
Серуен	**№36 Серуен картотекасы**	**№37 Серуен картотекасы «Құмға су құйсақ не болады?». Міндеті:**	**№38 Серуен картотекасы**	**№39 Серуен картотекасы**	**№40 Серуен картотекасы «Кішкентай көмекшілер». Міндеті:**

	«Қағазды дұрыс жинайық». Міндеті: тазалық пен ұқыптылық дағдысын қалыптастыру. **Барысы:** таза қағаз қиындыларын үлкен-кіші көлеміне қарай ажыратып, арнайы қорапқа жинайды. **Зерттеу:** қағазды ұстап, жұмсақ-қатты, жұқа-қалың қасиетін байқайды. **Қауіпсіздік:** қағазды ауызға салмау. **Орындалуы:** қағазды сұрыптап, ортаны таза ұстауға қатысады.	қарапайым тәжірибе арқылы зерттеуге қызығушылығын арттыру. **Барысы:** құрғақ құмға аздап су құйып, оның өзгерісін қолмен байқайды, дымқыл құмнан пішін жасайды. **Еңбек:** қалыптарды жинап, орнына қояды. **Қауіпсіздік:** құмды шашпау, көзге тигізбеу. **Орындалуы:** құрғақ және дымқыл құмды ажыратуға талпынады.	**«Табиғатты таза ұстаймыз». Міндеті:** «Таза Қазақстан» бағыты бойынша қоршаған ортаға қамқорлық пен қауіпсіз әрекетті қалыптастыру. **Барысы:** қауіпсіз табиғи материалдар – жапырақ, бұтақша, бүрлер жиналып, бөлек ыдыстарға сұрыпталады. **Зерттеу:** үлкен-кіші, жеңіл-ауырын салыстырады. **Қауіпсіздік:** өткір, белгісіз заттарды ұстамау. **Орындалуы:** табиғи материалдарды ажыратып, белгіленген орынға жинайды.	**«Кішкентай көмекшілер». Міндеті:** еңбекке қызығушылық, жауапкершілік және тазалық дағдыларын бекіту. **Барысы:** ойыншықтарды дымқыл майлықпен сүртіп, таза және кір ойыншықтарды салыстырады, кептіруге орналастырады. **Зерттеу:** құрғақ-дымқыл, таза-кір ұғымдарын тәжірибе арқылы ажыратады. **Қауіпсіздік:** суды төкпеу, ойыншықты ауызға салмау. **Орындалуы:** қарапайым тазалық әрекетін орындап, құралдарды орнына жинайды.	еңбекке қызығушылық, жауапкершілік және тазалық дағдыларын бекіту. **Барысы:** ойыншықтарды дымқыл майлықпен сүртіп, таза және кір ойыншықтарды салыстырады, кептіруге орналастырады. **Зерттеу:** құрғақ-дымқыл, таза-кір ұғымдарын тәжірибе арқылы ажыратады. **Қауіпсіздік:** суды төкпеу, ойыншықты ауызға салмау. **Орындалуы:** қарапайым тазалық әрекетін орындап, құралдарды орнына жинайды.
Серуеннен оралу	Киімді орнына қою, қолды сабындап жуу. Аяқ киімді орнына қоюға ынталандыру. Қол мен бетті жуу, майлық қолдану. Өз шкафын тану, киімін реттеу. Гигиеналық әрекеттерді педагог көмегімен ретімен орындау.				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	**Іс-әрекет: «Бұл кім?» Бағыты: Тіл дамыту. Міндеті:** таныс адамдар мен заттардың атауын айтуға, қарапайым сұрақтарға сөзбен жауап беруге баулу. **Барысы:** отбасы мүшелері, ойыншықтар, жануарлар бейнеленген суреттер қарастырылады. Балалар суреттен таныс бейнені көрсетіп, «ана», «әке», «доп», «мысық» сияқты сөздерді айтады.	**Іс-әрекет: «Өзім орындаймын» Бағыты: Академиялық адалдық. Міндеті:** қарапайым тапсырманы өздігінен орындауға және өз әрекетінің нәтижесіне қуана білуге баулу. **Барысы:** әр балаға текше, сақина немесе пішіндер ұсынылады. Балалар өзіне берілген заттарды түсі немесе көлеміне қарай орналастырады. Бір-бірінің жұмысын алмай, өз тапсырмасын өзі аяқтауға	**Іс-әрекет: «Досымды ренжітпеймін» Бағыты: Буллингтің алдын алу. Міндеті:** құрдасына мейірімді қарым-қатынас жасауға, итермеу, ұрмау және ойыншықты тартып алмау дағдыларын қалыптастыру. **Барысы:** қуыршақтар арқылы «ойыншықты тартып алу» және «ойыншықты бірге ойнау» жағдайлары көрсетіледі. Балалар дұрыс әрекетті таңдайды. «Беріңізші», «ал», «бірге	**Іс-әрекет: «Шын айтамын» Бағыты: Академиялық адалдық және тіл дамыту. Міндеті:** өзінің жасаған қарапайым әрекетін сөзбен білдіруге және шындықты айтуға баулу. **Барысы:** балалар ойыншықтарды жинау, текшені орнына қою, кітапты әкелу сияқты әрекеттерді орындайды. «Мен жинадым», «Мен қойдым», «Мен әкелдім» тәрізді қысқа тіркестерді	**Іс-әрекет: «Біз доспыз» Бағыты: Тіл дамыту және буллингтің алдын алу. Міндеті:** жылы сөздерді қолдануға, құрдасымен достық қарым-қатынас жасауға және бірге әрекет етуге баулу. **Барысы:** балалар бір-бірінің есімін атайды, амандасады. «Сәлем», «рақмет», «ал», «бер», «дос» сөздерін қолданады. Бір ойыншықты бірге құрастырып немесе ортақ қорапқа ойыншықтарды

	«Бұл кім?», «Бұл не?» сұрақтарына бір-екі сөзбен жауап беруге талпынады.	талпынады. Соңында өзінің жасағанын көрсетеді.	ойнайық» сөздерін қолданып, ойыншықпен кезектесіп ойнайды.	айтуға талпынады. Өзінің орындаған әрекетін көрсетеді.	жинап, бір-біріне көмектеседі. Соңында «Біз доспыз» сөз тіркесін қайталайды.
Балалардың үйге қайтуы		Үйде баламен сөйлесуге уақыт бөлу жөнінде ұсыныс.	Қимыл белсенділігін қолдау туралы кеңес.	Қауіпсіз серуен туралы еске салу.	Апталық жетістіктері туралы ата-анамен қысқаша пікір алмасу.

Тәрбиелеу білім беру процесі
2026-2027 оқу жылы
Қыркүйек 5-апта
Кіші 2-жас

Күн тәртібі	**Дүйсенбі** **28.09.2026**	**Сейсенбі** **29.09.2026**	**Сәрсенбі** **30.09.2026**		
Балаларды қабылдау	Балаларды жылы қарсы алу. «Қайырлы таң!» амандасу ойыны. Баланың көңіл күйін бақылау. **Қауіпсіздік:** топта жүгіруге болмайтынын еске салу. «Кел, амандасайық» ойыны. Баланың көңіл күйін ым-ишарамен білдіруіне мүмкіндік беру. **Құндылық:** достық. «Мен балабақшаға келдім» әңгімелесуі. Таныс ойыншықтарды атау. **Сөйлеу:** 1–2 сөзден жауап беруге ынталандыру. «Көңілді таң» шеңбері. Табиғат суреттерін қарау. **Экология:** гүлді жұлмау, табиғатты аялау. «Біз доспыз» ойыны. Бір-біріне жылы сөз айту, бірге ойнауға шақыру. **Құқықтық сауаттылық:** досын ренжітпеу.				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Баланың балабақшаға бейімделуін қолдау» жеке әңгіме. Кеңес: «2 жастағы баланың сөйлеуін үйде дамыту». Әңгімелесу: «Баланың күн тәртібін сақтау». Кеңес: «Серуен кезіндегі қауіпсіздік». Кеңес: «Баламен бірге ойнаудың маңызы».				
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық,	**Ұлттық құндылық «Асықты таны»** **Міндеті:** ұлттық ойын құралы – асықпен таныстырып, ұлттық	**Еңбек әрекеті «Гүлдің жапырағын сүртеміз»** **Міндеті:** өсімдік күтіміне қатысу арқылы қарапайым еңбек дағдыларын	**Таза Қазақстан «Қағазды шашпаймыз»** **Міндеті:** қоршаған ортаның тазалығын сақтауға және қағазды		

эксперименталдық , еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	құндылықтарға қызығушылық ояту. **Барысы:** асықтың үлгісін көрсету, «асық» сөзін қайталау. Түрлі түсті асықтарды шағын ыдысқа жинау, «Асықты тап» ойынын ойнау. **Орындалуы:** асықты танып, көрсетуге және жинауға қатысады.	қалыптастыру. **Барысы:** бөлме өсімдігін бақылап, жұмсақ дымқыл шүберекпен үлкен жапырақтарын ересектің көмегімен сүрту. «Таза жапырақ» ұғымын әрекет арқылы бекіту. **Орындалуы:** өсімдік күтіміне қатысып, қарапайым еңбек тапсырмасын орындайды.	ұқыпты пайдалануға баулу. **Барысы:** «Таза бөлме» ойынында қағаз қиындыларын еденнен жинап, арнайы қорапқа салу. Қағазды орынсыз шашпау керектігін көрсету. **Орындалуы:** қағазды жинап, белгіленген орынға салуға дағдыланады.		
Таңертенгі жаттығу	**№21 Таңғы жаттығу.** Шеңбер бойымен жүру; қолды екі жаққа созу; қолды жоғары көтеріп созылу; денені оң-солға бұру; қос аяқпен жеңіл секіру.	**№22 Таңғы жаттығу.** Бірінің артынан бірі жүру; қолды алға созып көтеру-түсіру; денені алға еңкейту; тізені бүгіп-түзеу; аяқтың ұшымен жүру.	**№23 Таңғы жаттығу.** Шеңбер бойымен баяу жүру; қолды иыққа қойып айналдыру; қолды екі жаққа жайып сермеу; отырып-тұру; орнында жеңіл секіру.		
Таңғы ас	Қолды дұрыс жууға көмектесу. Қасықты дұрыс ұстауға жаттықтыру. «Таза қол» дағдысы. Тамақты төкпей жеуге ынталандыру. Ас алдында қол жуу, майлықты қолдану. Тағамды асықпай шайнауға дағдыландыру. Тамақтан соң ыдысты реттеуге, «рақмет» айтуға үйрету.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	**Зерттеу ойыны:** «Үлкен – кіші». Заттарды көлеміне қарай салыстыру..	**Дидактикалық ойын:** «Түсті тап». Негізгі түстерді ажырату.	**Зерттеу ойыны:** «Қатты – жұмсақ». Заттарды сипап сезу арқылы қасиеттерін ажырату		
Кестеге сәйкес ҰІӘ	**Дене тәрбиесі** **«Пойыз болып жүреміз» Міндеті:** шағын топпен бір бағытта, бір-бірінің артынан жүруге жаттықтыру. **Барысы:** балалар 3–4 баладан шағын топ құрып, «пойыз» болып жүреді.	**Музыка** **Ән айтып, би билейміз» Міндеті:** ән айтуға, музыка тыңдауға және қарапайым би қимылдарын орындауға қызығушылығын бекіту. **Барысы:** таныс көңілді әнді тыңдап, қайталанатын сөздеріне қосылады. Әуен ырғағымен қол шапалақтап, аяқпен топылдатып, жеңіл	**Дене тәрбиесі** **«Қолымызды көтеріп жүреміз» Міндеті:** шеңбер бойымен қолдарын әртүрлі қалыпта ұстап жүру дағдысын жетілдіру. **Барысы:** балалар шеңбер бойымен жүріп, белгіге сәйкес қолдарын жоғары		

	Қозғалыс кезінде баяу және жылдамырақ жүру қарқынын алмастырады. **Қимылды ойын:** «Көңілді пойыз». **Орындалуы:** шағын топпен бағытты сақтап, жүру қарқынын өзгерте алады.	би қимылдарын орындайды. **Музыкалық ойын:** «Көңілді балақайлар». **Орындалуы:** музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдап, ән мен қимылға белсенді қатысады.	көтереді, екі жаққа созады және төмен түсіреді. **Қимылды ойын:** «Қолыңды көрсет». **Орындалуы:** жүру кезінде қол қимылдарын көрсетілген қалыпқа сәйкес өзгертеді.		
	Міндеті: еңбек әрекетін білдіретін сөздерді қолдануға, өсімдікке қамқорлық жасауға және ауызша нұсқауды орындауға баулу. **Тіл дамыту:** «суару, құю, сүрту, алу», «жасыл, үлкен-кіші» сөздерін қолдану. **Көркем әдебиет:** гүл туралы шағын өлең тыңдап, «Гүл қандай?», «Гүлге не құямыз?» сұрақтарына жауап беру. **Сенсорика:** үлкен-кіші жапырақтарды үлгі бойынша ажырату. **Сурет салу:** қаламды дұрыс ұстап, гүлдің сабағын қысқа сызықтармен бейнелеу. **Мүсіндеу:** ермексазды жұмсартып, ұсақ бөліктерге бөлу және домалату. **Жапсыру:** жасыл қағазды жыртып, дайын гүл бейнесіне	**Міндеті:** қарама-қарсы мәндес әрекеттерді білдіретін сөздерді бекітіп, заттарды түсі мен көлеміне қарай ажыратуға үйрету. **Тіл дамыту:** «ашу-жабу, кию-шешу, алу-салу», «үлкен-кіші, қызыл-сары» сөздерін қолдану. **Көркем әдебиет:** құыршақтың киімдері туралы шағын әңгіме тыңдап, қарапайым сұрақтарға жауап беру. **Сенсорика:** үлкен-кіші киімдерді үлгі бойынша тиісті орынға салу. **Сурет салу:** қаламмен көйлекке қысқа және ұзын сызықтар түсіру. **Мүсіндеу:** ермексазды басып, кішкентай түймелер жасау. **Жапсыру:** қағазды бүктеп-ашып, дайын киім пішініне қағаз бөліктерін орналастыру.	**Міндеті:** заттардың түсін, көлемін, пішінін және дәмін білдіретін сын есімдермен сөздік қорын байыту. **Тіл дамыту:** «жуу, алу, салу», «тәтті, дәмді, қызыл, домалақ, кішкентай» сөздерін қолдану. **Көркем әдебиет:** жидек туралы қысқа тақпақ тыңдап, «Жидек қандай?» сұрағына жауап беру. **Сенсорика:** қызыл-сары, үлкен-кіші жидектерді үлгі бойынша ыдыстарға орналастыру. **Сурет салу:** қаламмен дайын құты бейнесіне домалақ іздер түсіру. **Мүсіндеу:** ермексазды ұсақ бөліктерге бөліп, домалақ жидектер жасау. **Жапсыру:** түрлі түсті қағазды ұсақтап, дайын құты бейнесінің ішіне орналастыру.		

	жапырақ ретінде орналастыру.				
Екінші таңғы ас	Қол жуу, ас ішу мәдениетін бекіту. Қасықты дұрыс ұстауға жаттықтыру. Майлықты қолдану. Тағамды ұқыпты жеу. Тамақтан кейін алғыс айту.				
Серуенге дайындық	Киімдерін ретімен киюге көмектесу, аяқ киімді тануға үйрету. Киіну кезінде қарапайым дербестікке ынталандыру. Киімдерін педагог көмегімен кию. Бас киімін дұрыс киюге жаттықтыру. Киінгеннен кейін бір-бірін күтуге үйрету.				
Серуен	**Серуен картотекасы №41 «Жапырақтарға қамқорлық»**. **Міндеті:** табиғатты бақылауға, қарапайым еңбекке қатысуға баулу, саусақ қимылдарын дамыту. **Бақылау:** ағаштағы және жерге түскен жапырақтарды қарау, түстері мен көлемін салыстыру. **Еңбекке баулу:** жерге түскен қауіпсіз жапырақтарды шағын себетке жинау. **«Жасыл ел»:** ағаштағы жапырақты жұлмау, табиғи ортаны таза сақтау. **Қол моторикасы:** жапырақты саусақ ұшымен ұстау, аудару,	**Серуен картотекасы №42 «Тұқымдарды жинаймыз»**. **Міндеті:** табиғи материалдарға қызығушылық ояту, қарапайым сұрыптау әрекеті арқылы қол моторикасын дамыту. **Бақылау:** қауіпсіз ірі өсімдік тұқымдары мен дәндерін қарау, пішіндерін байқау. **Еңбекке баулу:** алдын ала іріктелген ірі тұқымдарды шағын ыдыстарға жинап салу. **«Жасыл ел»:** өсімдіктердің тұқым арқылы көбейетіні туралы бастапқы түсінік қалыптастыру, өсімдікті жұлмау. **Қол моторикасы:** ірі тұқымдарды саусақпен ұстау, бір-бірден алу, ыдысқа салу, екі ыдысқа	**Серуен картотекасы №43 «Таза ойын алаңы»**. **Міндеті:** тазалық сақтауға, өзінен кейін ойын құралдарын жинауға дағдыландыру, қол қимылдарының үйлесімділігін жетілдіру. **Бақылау:** серуен алаңындағы ойын құралдарының орналасуын қарау, «таза», «жинақы» сөздерін қолдану. **Еңбекке баулу:** ойыннан кейін доп, шелек, күрекше және қалыптарды белгіленген орнына жинау. **«Жасыл ел»:** алаңды таза қалдыру, заттарды шашып кетпеу. **Қол моторикасы:** ойыншықтарды ұстау,		

	сипау, бір-бірден себетке салу. **Қауіпсіздік:** белгісіз өсімдіктер мен лас заттарды ұстамау, жапырақты ауызға салмау.	сұрыптау. **Қауіпсіздік:** тек ірі әрі қауіпсіз материалдарды пайдалану, тұқымды ауызға, мұрынға, құлаққа салмау.	көтеру, себетке салу, қалыптарды бірінің үстіне бірін орналастыру. **Қауіпсіздік:** ойыншықтарды лақтырмау, жинау кезінде бір-бірін итермеу.		
Серуеннен оралу	Киімді орнына қою, қолды сабындап жуу. Аяқ киімді орнына қоюға ынталандыру. Қол мен бетті жуу, майлық қолдану. Өз шкафын тану, киімін реттеу. Гигиеналық әрекеттерді педагог көмегімен ретімен орындау.				
Түскі ас	Қолды дұрыс жууға көмектесу. Қасықты дұрыс ұстауға жаттықтыру. «Таза қол» дағдысы. Тамақты төкпей жеуге ынталандыру. Ас алдында қол жуу, майлықты қолдану. Тағамды асықпай шайнауға дағдыландыру. Тамақтан соң ыдысты реттеуге, «рақмет» айтуға үйрету.				
Күндізгі ұйқы	**«Ертегімен тәтті ұйқы». Міндеті:** қысқа ертегіні тыңдауға қызығушылығын арттыру, сөздерді естіп қабылдауын дамыту. **Барысы:** балалар жайғасқаннан кейін жануарлар туралы қысқа қазақ халық ертегісі баяу, мәнерлі оқылады, таныс кейіпкерлердің атаулары анық айтылады, соңынан тыныш әуен тыңдалып, жайлы ұйқыға жағдай жасалады.	**«Әжемнің әлдиі». Міндеті:** бесік жыры арқылы ана тілінің әуезділігін сезінуге, ұлттық мұраны қабылдауға баулу. **Барысы:** ұйқы алдында қысқа бесік жыры айтылып, «әлди», «бөпе», «ұйықта», «ай» сияқты жеңіл сөздер баяу қайталанады, балалар тыныштық сақтап демалуға көшеді.	**«Кітаптан келген қонақ». Міндеті:** кітапқа қызығушылығын арттыру, таныс кейіпкерлерді тыңдап тануға үйрету. **Барысы:** суретті кітаптан бір кейіпкер көрсетіліп, оның атауы мен қарапайым әрекеті айтылады, кейін сол кейіпкер туралы қысқа әңгіме немесе ертегі оқылып, балалар тыныш ұйқыға дайындалады.		
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	«Күнге созыламыз» – төсекте жеңіл созылу, тыныс алу. «Мысықтар оянды» – қол-аяқты созу, баяу тұру. Табанға арналған қарапайым жаттығулар. «Көңілді аяқтар» – аяқ ұшымен жүру. «Біз ояндық» – созылу, қолды жоғары көтеру, тыныс алу.				

Бесін ас	Қол жуу, ас ішу мәдениетін бекіту. Қасықты дұрыс ұстауға жаттықтыру. Майлықты қолдану. Тағамды ұқыпты жеу. Тамақтан кейін алғыс айту.				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	**Тақырыбы: «Қуыршақтың үйі»**. **Міндеті:** үй туралы түсінігін кеңейтіп, текше мен кірпіштерді жазықтықта дұрыс орналастыруға баулу. **Қоршаған әлеммен таныстыру:** қуыршақтың үйін қарап, үйдің есігін, терезесін көрсетеді, өз үйі туралы қарапайым сөздер айтады. **Құрастыру:** текше, кірпіш және үш қырлы призмадан қуыршаққа шағын үй құрастырады.	**Тақырыбы: «Менің орным»**. **Міндеті:** өзіне тиесілі заттарды тануға және құрылыс бөлшектерін қатар орналастыруға үйрету. **Қоршаған әлеммен таныстыру:** өзінің шкафын, киімін, белгісін таниды, есімі аталғанда жауап береді. **Құрастыру:** кірпіш пен текшелерді қатар орналастырып, ойыншыққа арналған шағын орын жасайды.	**Тақырыбы: «Отбасымызға орындық»**. **Міндеті:** отбасы мүшелерін атауға және текше мен кірпіштен қарапайым құрылыс жасауға баулу. **Қоршаған әлеммен таныстыру:** отбасы мүшелерінің суреттерін қарап, ана, әке, ата, әжені көрсетіп атайды. **Құрастыру:** текше мен кірпішті үйлестіріп орналастырып, қарапайым орындықтар құрастырады.		
Балалармен жеке жұмыс	**«Бұл кім?»** – ертегі кейіпкерлерін суреттен танып, атау. **Атабай Әмина**	**«Не істейді?»** – жүреді, ойнайды, ішеді, ұйықтайды сөздерін қимылмен бекіту. **Ержан Дарын**	**«Қайталап айт»** – қысқа сөздер мен 1–2 сөздік тіркестерді қайталау. **Емел Әмина**		
Серуенге дайындық	Киімдерін ретімен киюге көмектесу, аяқ киімді тануға үйрету. Киіну кезінде қарапайым дербестікке ынталандыру. Киімдерін педагог көмегімен кию. Бас киімін дұрыс киюге жаттықтыру. Киінгеннен кейін бір-бірін күтуге үйрету.				
Серуен	**Серуен картотекасы №44 «Ағашқа күтім жасаймыз»**. **Міндеті:** ағаштарға қамқорлық жасауға баулу, еңбек әрекеті арқылы қолдың икемділігін дамыту. **Бақылау:** ағаштың діңін, бұтағын, жапырағын қарау;	**Серуен картотекасы №45 «Кішкентай еңбекқорлар»**. **Міндеті:** қолжетімді еңбек тапсырмаларын орындауға қызығушылығын арттыру, ұқыптылық пен қол моторикасын дамыту. **Бақылау:** серуен соңында алаңның жинақылығына назар аудару, қандай	**№46 Серуен картотекасы «Табиғатты таза ұстаймыз». Міндеті:** «Таза Қазақстан» бағыты бойынша қоршаған ортаға қамқорлық пен қауіпсіз әрекетті қалыптастыру. **Барысы:** қауіпсіз табиғи материалдар – жапырақ,		

	діңнің қатты, жапырақтың жұмсақ екенін байқап көру. **Еңбекке баулу:** ағаш түбіне шағын ыдыспен су құю, маңындағы қауіпсіз жапырақтарды жинау. **«Жасыл ел»:** ағашты сындырмау, қабығын зақымдамау, жасыл желекті күтіп ұстау. **Қол моторикасы:** ыдысты екі қолмен ұстау, еңкейтіп су құю, жапырақтарды саусақпен алып себетке салу. **Қауіпсіздік:** ағашқа өрмелемеу, бұтақтарды тартпау, су төгілген жерде абайлап жүру.	заттарды орнына қою керектігін қарау. **Еңбекке баулу:** шағын шелек, күрекше, доп және басқа серуен құралдарын жинап, өз орындарына орналастыру. **«Жасыл ел»:** өз ортасын таза және ұқыпты ұстауға дағдылану. **Қол моторикасы:** затты ұстау, көтеру, бір қолдан екінші қолға беру, себетке салу, тұтқасынан ұстап тасу. **Қауіпсіздік:** ауыр заттарды көтермеу, құралдарды сермемеу және бір-біріне лақтырмау.	бұтақша, бүрлер жиналып, бөлек ыдыстарға сұрыпталады. **Зерттеу:** үлкен-кіші, жеңіл-ауырын салыстырады. **Қауіпсіздік:** өткір, белгісіз заттарды ұстамау. **Орындалуы:** табиғи материалдарды ажыратып, белгіленген орынға жинайды.		
Серуеннен оралу	Киімді орнына қою, қолды сабындап жуу. Аяқ киімді орнына қоюға ынталандыру. Қол мен бетті жуу, майлық қолдану. Өз шкафын тану, киімін реттеу. Гигиеналық әрекеттерді педагог көмегімен ретімен орындау.				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	**«Ақылды ойыншықтар әлемі». Бағыттары:** цифрландыру, академиялық адалдық, «Заң мен Тәртіп». **Міндеті:** цифрлық көрнекілікті мақсатты қолдану, кезек күтуге, өзгенің затын рұқсатсыз алмауға баулу. **Барысы:** қысқа танымдық суреттер немесе бейнематериалдар қаралып, таныс заттар	**«Таза аула – әдемі аула». Бағыттары:** «Таза Қазақстан», еңбекке және кәсіпке баулу. **Міндеті:** қоршаған ортаны таза ұстауға, қарапайым еңбек әрекеттерін орындауға қызығушылық қалыптастыру. **Барысы:** қауіпсіз жапырақтар себетке жиналады, гүлдерге аз мөлшерде су құйылады. «Аула сыпырушы не істейді?» ойыны арқылы тазалық еңбегі көрсетіледі.	**«Біз тату баламыз». Бағыттары:** «Заң мен Тәртіп», буллингтің алдын алу, эмоционалды әл-ауқат, мерекелік іс-шаралар. **Міндеті:** достық, сыйластық, қауіпсіз мінез-құлықтың бастапқы дағдыларын қалыптастыру, ортақ көңілді әрекетке қатыстыру. **Барысы:** «Кел, амандасайық» ойыны ойналып, балалар қол бұлғап, жылы қарым-		

	аталады. «Кезекпен қараймыз», «Бірге бөлісеміз», «Өз жұмысымызды өзіміз орындаймыз» әрекеттері ойын арқылы көрсетіледі. **Орындалуы:** суреттен таныс затты көрсетеді, кезегін күтуге, ортақ ережені сақтауға талпынады.	Құрғақ және дымқыл топырақ салыстырылады. **Орындалуы:** жапырақ жинайды, гүл суарады, қарапайым еңбек әрекетіне қатысады.	қатынас жасайды. «Итермейміз», «ойыншықты кезекпен аламыз», «досымызға көмектесеміз» ережелері әрекетпен бекітіледі. Соңында көңілді әуенмен шағын би ұйымдастырылады. **Орындалуы:** амандасады, досымен бірге ойнайды, қарапайым ережелерді орындауға талпынады.		
Балалардың үйге қайтуы		Үйде баламен сөйлесуге уақыт бөлу жөнінде ұсыныс.	Қимыл белсенділігін қолдау туралы кеңес.		